ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРЛІГІ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ МЕТРОЛОГИЯ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ ТЕХНИЧЕСКОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ И МЕТРОЛОГИИ МИНИСТЕРСТВА ТОРГОВЛИ И ИНТЕГРАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

№ 36-НҚ от 21.08.2026

Астана қаласы

№ _____

город Астана

Комитет технического регулирования и метрологии Асылбекова А.М.

Дата: 24.08.2026 08:47. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 918 бұйрығымен бекітілген Ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, келісу, сараптама жасау, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, күшін жою және қолданысқа енгізу, сондай-ақ тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы сыныптауышына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі қағидаларының 25, 26, 40 және 41-тармақтарына сәйкес және Ғылыми-техникалық комиссияның 2026 жылғы 21 тамыздағы № 106-ПР хаттамасының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылғы 1 қазаннан бастап ҚР СТ «Ғылыми зерттеулер және оларды өндіріске енгізу. Жұмыстарды жүргізуге, есептердің құрылымы мен ресімделуіне қойылатын жалпы талаптар» ұлттық стандарты бекітілсін және қолданысқа енгізілсін.

2. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап келесі ұлттық стандарттар бекітілсін және қолданысқа енгізілсін:

– ҚР СТ ISO 22002-5 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бойынша алдын ала бағдарламалар. 5-бөлім. Тасымалдау және сақтау»;

– ҚР СТ ISO 22002-7 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бойынша алдын ала бағдарламалар. 7-бөлім. Бөлшек және көтерме сауда»;

– ҚР СТ ISO 22002-100 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бойынша алдын ала бағдарламалар. 100-бөлім. Тамақ өнімдерінің, жемшөптің және орауыштың жеткізу тізбегіне қойылатын талаптар».

3. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР СТ ИСО/ТШ 22002-1-2012 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бойынша алдын ала шарттардың бағдарламалары. 1-бөлім. Тамақ өнімдерінің өндірісі» ұлттық стандартының күші жойылсын және

ҚР СТ ISO 22002-1 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бойынша алдын ала бағдарламалар. 1-бөлім. Тамақ өнімдерін өндіру» ұлттық стандарты бекітілсін және қолданысқа енгізілсін.

4. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР СТ ISO/TS 22002-2-2017 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын алдын ала шарттар бағдарламасы. 2-бөлім. Қоғамдық тамақтану» ұлттық стандартының күші жойылсын және ҚР СТ ISO 22002-2 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бойынша алдын ала бағдарламалар. 2-бөлім. Кейтеринг» ұлттық стандарты бекітілсін және қолданысқа енгізілсін.

5. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР СТ ISO/TS 22002-4-2017 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын алдын ала шарттар бағдарламасы. 4-бөлім. Тамақ өнімдеріне арналған орауыштарды өндіру» ұлттық стандартының күші жойылсын және ҚР СТ ISO 22002-4 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бойынша алдын ала бағдарламалар. 4-бөлім. Тамақ өнімдеріне арналған орауыштарды өндіру» ұлттық стандарты бекітілсін және қолданысқа енгізілсін.

6. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР СТ ISO/TS 22002-6-2017 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бойынша алдын ала шарттар бағдарламасы. 6-бөлім. Азық-жем және мал шаруашылығы өнімдері» ұлттық стандартының күші жойылсын және ҚР СТ ISO 22002-6 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бойынша алдын ала бағдарламалар. 6-бөлім. Жемшөп және жануарларға арналған азық-түлік өнімдерін өндіру» ұлттық стандарты бекітілсін және қолданысқа енгізілсін.

7. Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңестің Автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне «Соңғы редакция» сатысына мынадай мемлекетаралық стандарттар орналастырылсын:

– ГОСТ «Су, тамақ өнімдері, жем, темекі өнімдері. Хлорорганикалық пестицидтерді хроматографиялық әдістермен анықтау»;

– ГОСТ ISO 15213-1 «Азық-түлік тізбегінің микробиологиясы. Clostridium spp бактерияларын анықтау мен санаудың көлденең әдісі. 1-бөлім. Колонияларды санау арқылы сульфитредуктивті Clostridium spp. бактерияларын санау»;

– ГОСТ «Балық, балық емес заттар және олардан жасалған өнімдер. Vibrio parahaemolyticus (парагемолитикалық вибриондар) түріндегі бактериялардың санын анықтау және анықтау әдістері»;

– ГОСТ ISO 23319 «Ірімшік және балқытылған ірімшік өнімдері, казеиндер мен казеинаттар. Майдың құрамын анықтау. Гравиметриялық әдіс»;

– ГОСТ IEC 62271-102 «Жоғары кернеулі жиынтық тарату құрылғысы. 102-бөлім. Айнымалы ток ажыратқыштары мен жерге тұйықтағыштары».

8. Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңестің Автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне «Қабылдау» сатысына мынадай мемлекетаралық стандарттар орналастырылсын:

– ГОСТ EN 13208 «Тамақ өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтар. Көкөністерді тазартатын машиналар. Қауіпсіздік және гигиена талаптары»;

Комитет технического регулирования и метрологии - Ахмедова А.М.

Дата: 24.08.2026 08:47. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

– ГОСТ EN 13378 «Макарон өнімдерін өндіруге арналған машиналар мен жабдықтар. Макарон өнімдерін дайындауға арналған престер. Қауіпсіздік және гигиена талаптары»;

– ГОСТ EN 13379 «Макарон өнімдерін өндіруге арналған машиналар мен жабдықтар. Спредер, қамырды тартатын және кесетін машиналар, қызмет көрсетуге арналған конвейер және макарон орау құрылғысы. Қауіпсіздік және гигиена талаптары».

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

10. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі
Техникалық реттеу және метрология
комитеті төрағасының
міндетін атқарушы **Қ. Қабылбеков**

Согласовано
21.08.2026 18:37 Қазбек Нүрбек Данияұлы
Подписано
21.08.2026 18:41 Кабылбеков К.А. ((и.о Есенбекова Ж.Р))

Комитет технического регулирования и метрологии - Асылбекова А.М.

Дата: 24.08.2026 08:47. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП